

Теректі ауданы Аңқаты ауылдық округінің Жаңа ауыл, Сатымшеген, Қандық, Тасаншеген, Ерсары, Рыбцех ауылдарының атаусыз көшелеріне атау беру туралы

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы Аңқаты ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 17 шілдедегі № 6 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 тамызда № 3993 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Зандарын басшылыққа ала отырып, Жаңа ауыл, Сатымшеген, Қандық, Тасаншеген, Ерсары, Рыбцех ауылдары халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Аңқаты ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Теректі ауданы Аңқаты ауылдық округінің Жаңа ауыл, Сатымшеген, Қандық, Тасаншеген, Ерсары, Рыбцех ауылдарының атаусыз көшелеріне қосымшаға сәйкес атаулар берілсін.

2. Осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етуді және осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аңқаты ауылдық
округінің әкімі

Б. Кадыралиев

Аңқаты ауылдық
округі әкімінің
2015 жылғы 17 шілдедегі
№ 6 шешіміне
қосымша

Теректі ауданы Аңқаты ауылдық округінің Жаңа ауыл, Сатымшеген, Қандық, Тасаншеген, Ерсары, Рыбцех ауылдарының атаусыз көшелерінің атаулары

1. Жаңа ауыл ауылы бойынша:
жобалық көшесі "1 К" – "Ұлттық" көшесі.

2. Сатымшеген ауылы бойынша:
жобалық көшесі "1 К" – "Бауыржан Момышұлы" көшесі;

жобалық көшесі "2 К" – "Желтоқсан" көшесі;

жобалық көшесі "3 К" – "Береке" көшесі.

3. Қандық ауылы бойынша:

жобалық көшесі "1 К" – "Абай Құнанбаев" көшесі;

жобалық көшесі "2 К" – "Алексей Васильевич Черекаев" көшесі;

жобалық көшесі "3 К" – "К. Сәтпаев" көшесі;

жобалық көшесі "4 К" – "Тәуелсіздік" көшесі.

4. Тасаншеген ауылы бойынша:

жобалық көшесі "1 К" – "Әділет" көшесі.

5. Ерсары ауылы бойынша:

жобалық көшесі "1 К" – "Т. Рысқұлов" көшесі;

жобалық көшесі "2 К" – "Бейбітшілік" көшесі;

жобалық көшесі "3 К" – "Астана" көшесі;

жобалық көшесі "4 К" – "Атамекен" көшесі.

6. Рыбцех ауылы бойынша:

жобалық көшесі "1 К" – "Шалқар" көшесі;

жобалық көшесі "2 К" – "Бірлік" көшесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК